

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 217 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 16 ақпанды N 32 қаулысына толықтырулар

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 217 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3730. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпанды N 62 (V064175) қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпанды N 62 қаулысымен.*

---

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына және 3-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . < \* >

*Ескерту: 1-тармақ алғыншылт тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 16 ақпанды N 32 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2750 тіркелген, 2004 жылды Финансовый вестник N 2-3 журналында жарияланған, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 245 қаулысымен (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 3103 тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 114 қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 3577 тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесінде:

22-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1. жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайтпастан орналастырылған акциялардың санын ұлғайтумен байланысты (акцияларды ұсақтау) тіркелген тұлғаның жеке шотына акциялардың санын ұлғайту туралы жазба жазу;";

мынадай мазмұндағы 24-1-тармақпен толықтырылсын:

"24-1. Акциялар ұсақталған жағдайда тіркелген тұлғалардың жеке шоттары бойынша жарияланған акцияларды бөлу бүйрүғында мынадай мәліметтер бар:

- 1) бүйрүқтың нөмірі мен күні;
- 2) бағалы қағаздар эмитентінің атауы;
- 3) тіркелген тұлға туралы мәліметтер;
- 4) тіркелген тұлға жеке шотының нөмірі;
- 5) бағалы қағаздардың түрі, ұлттық бірегейлендіру нөмірі;
- 6) акцияларды ұсақтау үйлесімдігі;
- 7) операцияларды жүргізуге арналған бағалы қағаздардың саны;
- 8) акцияларды ұсақтауға берілген нұсқау;
- 9) бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты мәліметтер.

Акциялар ұсақталған жағдайда тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына жарияланған акцияларды бөлу бүйрүғына эмитенттің уәкілетті тұлғасы қол қояды және ол мөрмен куәландырылады.";

29-тармақта "тіркеуші" деген сөзден кейін ", осы Ереженің 29-1-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

"29-1. Тіркеуші акцияларды ұсақтау операциясын эмитент ұсынған жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі және жарияланған акциялардың саны орналастырылған акциялар санын ұлғайту есебінен ұлғайтылғанына нұсқауы бар уәкілетті орган эмитентке берген ілеспе хаты, сондай-ақ жарияланған бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарын есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан акцияларды аудару арқылы акциялар ұсақталған жағдайда тіркелген тұлғалардың жеке шоттары бойынша жарияланған акцияларды бөлуге шығарған эмитенттің бүйрүғы негізінде жүргізеді.".

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздаррының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Зан департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастырылышы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, сауда-саттықты ұйымдастырушыға жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК